

АҢДАТПА

Қазіргі уақытта техника мен технологиялар барлық салада қарқынды дамуда. Оның ішіне медицина саласыда кіреді. Менің “микроконтроллер негізінде басқару жүйесін құру” атты дипломдық жобамның мақсаты – адамдарға медициналық алғашқы көмектің бір қадам жақын қылу, яғни әр қадам сайын дәріхана ашқаннан гөрі, кез-келген дәріханадан дәрігердің рұқсатынсыз алуға болатын алғашқы көмектің дәрі-дәрмектерін вендинг арқылы қол жетімді жасау.

Вендингтің өзінің тарихы бар. Бір сөзбен айтсақ, вендинг – дегеніміз, сауда автоматтары пайдаланылатын және сауда адамның қатысуынсыз жүретін бөлшек сауда саласы. Мен өзімнің дипломдық жобам арқылы халыққа алғашқы медициналық көмектің бір қадам жақын қылу және Қазақстанда вендингтың дамуына өз үлесімді қосу.